

Қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 18 қыркүйектегі N 24 /01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 5 қазанда N 1948 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 қыркүйектегі № 23/02 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Ұлытау ауданы әкімдігінің 02.09.2014 № 23/02 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы", 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңдарына сәйкес, Ұлытау ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2012 жылдың 1 сәуірінен бастап үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз етуге құқығы бар тұлғаларға қосымша әлеуметтік көмек көрсетілсін (бұдан әрі - Әлеуметтік көмек).

2. Әлеуметтік көмек әр мүгедек балаға тоқсанда төрт айлық есептік көрсеткіш м ө л ш е р і н д е б е р і л с і н .

3. Келесі жағдайлар белгіленсін:

1) мүгедек балаларға Әлеуметтік көмек (толықтай мемлекет қамтамасыз ететін мүгедек балалар және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) үйде тәрбиеленетін және оқытылатын мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне және басқа заңды өкілдеріне отбасы кірісіне т ә у е л с і з б е р і л е д і ;

2) Әлеуметтік көмек өтініш білдірген мерзімінен бастап "Қарағанды облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жанындағы ведомствоаралық психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің қорытындысында белгіленген мерзім аяқталғанға дейін беріледі;

3) Әлеуметтік көмекті төлеу қаржыландырудың түсуіне байланысты өткен айға жүргізіледі. Әлеуметтік көмек төлеуді тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек баланың 18 жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау), төлемдер сәйкес жағдайлар туындағаннан кейінгі а й д а н б а с т а п т о қ т а т ы л а д ы .

4. "Ұлытау ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Абилова Айна Бейсалықызы) Әлеуметтік көмекті тағайындауды және төленуді қамтамасыз етсін.

5. "Ұлытау ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Тасболат Зайырұлы Шайхин) жергілікті бюджетте қарастырылған қаражаты шегінде міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес әлеуметтік көмекті қаржыландыру бойынша мәселені шешсін.

6. Осы қаулының орындалысын бақылау Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Акышбеков Берик Базыловичке жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 сәуірінен бастап пайда болған қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

А. Омаров